

"Қазақстан Республикасы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 26 қыркүйекте N 2019 тіркелген N 4 бұйрығына N 4 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 7 қазандағы N 163 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 21 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2535. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 172 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 168 бұйрығының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуіне байланысты БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

5) тіркелген N 2535, "Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 26 қыркүйекте N 2019 тіркелген N 4 бұйрығына N 4 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 7 қазандағы N 163...

*М и н и с т р д і н
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы*

"Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңына сәйкес және "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес Бұйырамын:

1. "Қазақстан Республикасы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 26 қыркүйектегі

N 2019 тіркелген N 4 бұйрығына (N 2221 тіркелген 2003 жылғы 12 наурыздағы N 44 , N 2294 тіркелген 2003 жылғы 4 мамырдағы N 76 , N 2382 тіркелген 2003 жылғы 5 маусымдағы N 96) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымында:

125 "Автокөлік құралдарының иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға арналған жарналар" ерекшелігі бойынша:

"Атауы" деген бағанда "Автокөлік" деген сөз "Көлік" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Анықтама" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Автокөлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру қызметтерін сатып алу";

131 "Азық-түлік өнімдерін сатып алу" ерекшелігі бойынша:

"Анықтама" деген бағанда "Осы ерекшелік бойынша сол сияқты мерзімді қызметтің әскери қызметшілері үшін темекі өнімдерін сатып алуға арналған шығындар және темекі өнімдерінің орнына ақшалай өтемақы және" деген сөздер "Асханаларда" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Шығындардың тізімі" деген бағанда төртінші абзац алынып тасталсын;

332 "Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер" ерекшелігі бойынша:

"Шығындардың тізімі" деген баған мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Демалысқа шығар алдындағы мерзімді қызметтің әскери қызметшілеріне, әскери арнайы оқу орындарының курсанттарына төленетін азық-түлік паектерінің орнына ақшалай өтемақы";

452 "Материалдық емес активтер сатып алу" ерекшелігі бойынша:

"Анықтама" деген бағанда "гудвилл" деген сөзден кейін "ақпараттық жүйелер үшін бағдарламалық өнімдерді және оларға лицензиялар сатып алу" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Бюджеттік процесс әдіснамасы және функциональдық талдау департаменті (Д.М.Шәженова) Заң басқармасымен (М.Д.Әйтемов) бірге Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

